

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Маңғыстау облысы

Асылбекқызы Салтанат	2
Әріу Ырысбек	4
Бақтығали Әсемай	6
Бақытжанова Әсем	9
Бақытова Әсел	11
Берекетова Эльмира	12
Доғдырбайқызы Дилназ	15
Досмұхамбет Толқын	17
Дүйсенов Еділбек	18
Жайлымысова Гүлжазира	20
Жексенбай Айым	22
Жұмашев Айзат	24
Иманғалиев Дархан	26
Кенжеғұл Айтқали	28
Маратов Аманбек	30
Мешитбаева Мадина	33
Молдабекова Айзада	35
Молдағали Жайна	37
Мұханбетов Бекберді	38
Оңдабаева Әмина	39
Сейілханова Назерке	42
Семендерова Гүлшат	44
Тәженова Айгерім	45
Төлегенова Аружан	47
Түгел Оразгүл	49
Юсупов Еркін	49

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Асылбекқызы Салтанат

5 сынып, Опорный орта мектебі, Бейнеу ауданы

Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Жолдасқали М.

Желбіре, Жеңіс жалауы!

Жер-дүниені дір сілкінткен соғыс өртінің сөнгеніне биыл 70 жыл толып отыр. Елімізге зор ауыртпалықтар әкелген Ұлы Отан соғысының зардабы тимеген шаңырақ жоқ десе де болады. Бұл соғыстағы жеңісте қазақ халқы талай боздақтарынан айырылды. Әкелеріміз бен ағаларымыз қан майданда толарсақтан саз кешіп, жанкешті қаһармандылығымен басқа ұлттар алдында өздерінің ерлігін көрсете білді. Соғыстың алғашқы сәттерінен-ақ, қазақстандық жауынгерлер Бөгенбай мен Қабанбайдың, Наурызбай мен Райымбектің, Махамбет пен Исатайдың ұрпақтарына лайық ұрыс салды. Ажалда қасқайып қарсы тұрған қаһармандарды басқалар еріксіз мойындауға мәжбүр болды. Бауыржан мен Төлеген, Нүркен мен Талғат, Рақымжан мен Қасым, шығыстың қос жұлдыздары Әлия мен Мәншүк сынды ерлер халқының батыр екендігін дәлелдеді.

Соғыс зардабы туралы сөз етсек, өрімдей он сегіз бен қылшылдаған қырықтың арасындағы азаматтардың Отан үшін арпалысқа түскені еске түскенде, жаныңды қоярға жер таба алмайсың. Үйлі-баранды болып, бала сүйетін шақтарында арманда кеткен боздақтар көп болғандығы өкінішті-ақ. Жыл өткен сайын соғыс ардагерлерінің саны азайғанмен олардың жасаған ерлігі бүгінгі ұрпақ санасында мәңгі қалмақ. Жеңіс! Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кеменгер Абай.. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын.

Майдан шебінде жанын пида еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Осынау жалғыз ауыз сөзде қаншама терең мағына жатыр. Кез келген істің, қандай күрестің де басты мақсаты жеңіске жету болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысындағы үлкен Жеңістің орны айрықша бөлек. Оған жету үшін қаншама халық жан алып, жан беріскен шайқастарға толы ұзақ та ауыр жолдан өтіп келді. Зарықтырып, сағынтып жеткен ол Жеңісті жақындата түсуге майданның алдыңғы шебінде от пен оқтың ортасында болған майдангерлермен бірге тыл еңбеккерлері де, майдан даласынан шалғайдағы карттар мен әйелдер де, буыны бекіп, бұғанасы қатпаған балалар да үлес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қосқан. Ол сонысымен де қастерлі, қасиетті саналады. Биыл міне, сол Жеңіс күні елімізде жетпісінші рет атап өтілгелі отыр.

Бұл сұрапыл майданда қаншама миллион адамның өмірі қыршынынан қиылды. Осынау қанды қырғынға Қазақстаннан 1 млн. 366 мыңға жуық адам қатысты. Өкінішке қарай, олардың тең жартысы туған жеріне қайтадан оралмады. Сондықтан да Ұлы Жеңіс мерекесі тек қана Қазақстан үшін ғана емес, бейбітшілікті сүйетін барша халыққа ортақ.

Иә, оқ пен отсыз өткізген 70 жыл бізге тегін келген жоқ. Қанмен, көз жасымен келгенін бүгінгі ұрпақ жақсы сезінеді. Құдайға тәубе жеңімпаз ұрпақтың өкілдері қазір де арамызда жетерлік. Осыдан жетпіс жылдай уақыт бұрын олар өмірлерін тәуекелге тігіп соғысқа аттанса, бүгін қуанышты тойлауға, мерекелік шеруге асығуда. Жеңіс бізге ерен ерлік пен еңбектің арқасында келді. Бір-ақ арманы болды. Ол – Жеңіс болатын. Олар бір-ақ күнді асыға күтті. Ол – Жеңіс күні еді.

Әріу Ырысбек

9 сынып, №4 орта мектебі

Мұнайлы ауданы Маңғыстау облысы

Ерлер – жердің қорғаны, елдің тұтқасы

Атадан жақсы ұл туса,

Елінің туы болады.

Атадан жаман ұл туса,

Көшінің соңы болады.

Қазыбек би

Қазақ халқы – тағдырдың бұралаңы көп жолдары мен ғасырларға созылған қиыншылықтарын басынан өткерген, тауқыметін тартқан ел. Ал, бүгінгі күні тәуелсіздікке қол жеткізген егеменді ел. Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ. Бұл – Құдайдың бізге берген сыйы да, бағы да емес. Бұл – ата-бабаларымыздың «ұрпағым, елім, жерім»- деп, төккен тер мен қанды қырғында мың өліп, мың тірілген айқасының жемісі.

Егеулі найза қолға алып, еңку-еңку жер шалып, ел қорғаған батыр бабаларымыз бен аналарымыздың бізге қалдырған аманатындай туған елімізді қорғау, нығайту – әрбірімізге парыз.

«Елің үшін отқа түс – күймейсің» дегендей, туған елінің бостандығы, жерінің азаттығы үшін күрескен әр замандағы ардақты ерлерін туған елі ешқашан ұмытқан емес, ұмытпақ та емес.

Қазақ халқына тыным бермеген жоңғар басқыншыларына қарсы елін бастап, ерлікпен соғысқан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Шапырашты Наурызбай бастаған батырлардың, Әз Тәуке, хан Абылай, Кенесары сынды хандардың туған елі үшін бастарын бәйгеге тіккен ерліктерін бүгінгі ұрпақтары, біздер мақтаныш етеміз, бабалар рухынан қуат аламыз.

Ата-бабаларымыз ел тұтастығын ойлап, туған елінің қай шетіне жау тисе, сол жерге алыстан ат арытып көмекке барғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Арғын Ағынтай батыр Алатаудағы Үйсін Қарасай батырға көмекке барса, Кіші жүз батырлары Қабанбай батырмен бірге Алтай тауларында жаумен соғысқан. Ағынтай мен Қарасайдың қасиетті Айыртау жерінде қатар жерленуі, Қаракерей Қабанбайдың Астана маңында мәңгілік дамылдауы – түптің-түбінде ел бірлігін ойлағандықтан болса керек.

Қазақ халқы шұрайлы жерінен айырылып, көкірегін шер, көзін шел басқан, мал-жаны талан-таражға түскен кезде халқы үшін басын бәйгеге тіккен ерлеріміздің бірі - Абылай ханның ұрпағы, ұлт-азаттық көтерілісінің қаһарман қолбасшысы Кенесары болды. Ол бірден көтеріліске шығып, халық мазасын алған жоқ, ойланды, толғанды. Патша үкіметіне бірнеше рет хат жолдады, халықтың «босқындарға» айналмауын талап етті.

Бірақ, қаншама тыныштыққа, «достыққа» шақырса да патша үкіметі қанауды тоқтатпады. Халық жырларында Қобыланды, Ерсайын, Тарғын, Қамбар, Баяндардың өз халқының елдігін қорғап жорыққа шыққаны жырланады ғой, сол сияқты Кенесары да көтеріліске шықты. Дегенмен халқы үшін жасаған көтерілісін тарих талай саққа салғанын тарихтан да, халық жырларынан да оқыдық. Кенесарыны хандықты көкседі дегенді де, хан Кене туралы көркем туындылар жазғандарды жер-жерге қудалағанды да оқыдық.

Қазақ елін талан-таражға салып, қыз-келіншектерін қорлаған, ауылдарын өртеген, ежелгі атамекен жайлауын, өрісін қылыш сілтеп тартып алған патша үкіметінің озбырлығына қарсы Кенесарыдай беделді, білікті, намысты, табанды адамдар қол жинап шықпағанда, кісі есігінде жүрген қандай адам атқа ер салар еді?!

Қазақ халқы елін қорғаған, жерін жауға бермеген батырларын әрқашан ардақ тұтады. Ұлы Отан соғысы кезінде жауынгер ұлдарына сол кездегі Қазақстанды басқарып отырған Ж.Шаяхметов атамыздың: «Сіздерді, қазақ жауынгерлері, Сырым Датовтың, Кенесары Қасымовтың әруағы желеп-жебесін» деп батагөйлік жасағанын жасы үлкен ағаларымыздан естіген едім.

Халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы атамыз – өз өмірімен кейінгі ұрпаққа үлгі болар ірі тұлға. Жиырма жылдық өмірін әскер қатарында өткізген Бауыржан атамыз екінші дүниежүзілік соғыс кезінде атақты генерал И.В.Панфиловтың сегізінші гвардиялық дивизиясында рота, батальон, полк, кейін дивизия командирі қызметін атқарып, неміс – фашист басқыншыларына соққы беріп, батальонды бірнеше мәрте жау қоршауынан алып шықты.

Атамекен жер үшін,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қасиетті ел үшін,
Әзиз ана, қарт ата,
Ботакөз сұлу қарындас
Күң, құл болмасын,

- деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақырды. Кейіннен атақты орыс жазушысы Александр Бек батыр атамыздың ерліктері жайлы «Волокаламск тас жолы» атты романын жазып, көркем туындыдан ескерткіш орнатты.

Ел үшін шайқаста ерліктерімен ел есінде қалған Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Исатай Сүйеубаев сынды аға-апаларымыздың жолын ХХ ғасырдың 80-90–жылдары Қайраттай қайсар ұлдарымыз бен Ләззаттай жігерлі қыздарымыз жалғастырып, «тәуелсіздік жақын» деген алғашқы қоңырауды соғып өтті.

Бабаларымыздың, аталарымыздың, отарлау саясатының салдарынан талай аға-апаларымыздың ел бірлігі, тәуелсіздігі жолында қиындықтарды басынан өткізіп, жазықсыз жазаланғандарын естігенде, оқығанда ақын Мұқағали Мақатаевтың мына бір шумақтары еске түседі:

Ой-хой, қазақ даласы, не көрмедің!?
Қанша курап, қаншама көгермедің!?
Қорқыт Ата қобызымен боздаттың ғой,
Асанның шерге толы өлеңдерін.
Ой-хой, қазақ даласы, не көрмедің!?

Енді ғана есін жинаған елімнің ертеңі жарқын, несібесі мол болады, бабаларымыз аңсаған, қаны мен жанын беріп қорғаған, армандаған атамекенін ұрпағы ешкімге бермейді деп сеніммен айта аламын.

Бақтығали Әсемай

11 сынып, №1 Т. Әлиев атындағы орта мектебі
Жаңаөзен қаласы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Уразалиева Г. М.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл

Мен-қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім!
Ж. Молдағалиев

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ғасырлар шеңберінде адамзат баласының сан қилы тағдыры, сан қилы тарихы жатыр. Сол тарих пен тағдырдың тамырлас тұсы да адам баласының өмірін сан тарапқа таратты. Расында, тарих- ол оқиға, ал, адам – сол оқиғаның кейіпкерлері. Тарих бетінің әрбірінде адам бейнесінің сан қырлылығы байқалады. Тағдыр.... оны өзгерту әсте адам баласының құзіретіне кірмейді... тек оны көре білу, сезе білу ғана адам жанына тән. Кейде тағдырдың тоғысында қалған қаншама өмір бейнесін көруге болады. Сонда ғана тарихтың аяусыз тағдыр мен қуанышқа толы өмірге куә болатындығын түсінеміз.

Аяусыз өмір! Сұм өмір! Тарихтың беттерінде адамның қаны мен ызаға толы көз жасымен жазылған. Оны естен шығару немесе елемеу мүмкін емес. Себебі, онда қаншама адам жанының шырылдаған ащы зары естіледі. Тарих осының бәріне де куә. Бәлкім, содан да болар тарих адам – тамыры, өсу де, өшу де соның құдіреті.

Қазақ үшін, қазақ даласы үшін – тарих мәңгілік асыл мұра. Ұлт үшін кеудедегі намыс пен жігерді жасытпай, ұлы дала үшін бойындағы қасық қанын судай ағызған боздақтардың іздері жатыр бұл далада.

Қаншама қазақ пен «Отан» деген киелі ұғымды жүрек түкпірінде жалау еткен ерлердің де сол ерен еңбегіне тарих өз есебін берді. Тұп-тура жетпіс! Жетпіс жыл, қазақ үшін зор нәубет жылдарының қараңғы түнегін азаттық пен жеңістің арайлы ақ таңы алмастырғанына. Сол жетпіс жыл ішінде қазақ даласында ат дүбірі аяңдап, тыныштық тұрақтағалы. Ол – қазақ үшін ұлы той. Қан сасыған майданның сұрықсыз кейпі жайлаған сол жылдарды қазақ әлі естен шығара қойған жоқ. «Атамекен жері үшін, қасиетті елі үшін, болмай қалар кім батыр?!» Бауыржан атамның айбарлы осы сөзі соның дәлелі болар. Сол бір қатігез соғыстың шырмауында ұлықтап өсірген намысты ер де, қылықты ғып өсірген ерке қыздарымыз да, ауыр жұмыс теперішіне іліккен ару аналарымыз да, тіпті сол даланы ащы зарымен өгейсіткен заман көрінісін сезген сәби де қалды. Сол бір сұрапыл жылдардың естеліктері қазақ даласында қаншама батыр ұл-қыздың ерлік істерін өн бойында нәріндей сақтап тұр. Қазақ даласының қай бұрышына, қай түкпіріне үңілсем де, сол боздақтардың бейнесін көргендей әсер қалады. Асқар таулардың құзар шыңдарына көз жүгіртсем, бейне бір сол шыңдардай биік, асқақ, көкке тіреліп аспан мен жер арасының тірегіңдей көрінетін сол бір көрініс Бауыржан атамды, оның қазақ үшін сол таудай тірек болғанын көргендеймін. Ал, дала көркін бұралып билеген ерке қылығымен нұрландырып тұрған қызғалдақ гүлдеріне қарасам, шіркін....Әлия мен Мәншүк...осы гүлдердей бейқам, сұлу бейне елестейді. Кең даланы жарыса шауып, ойнақтап жүрген асау тұлпар да соғыс үшін аттанған бабаларымның бейнелерін мәңгі ұмытпастай етті.

Мен істедім дегенше,
Мың істеді дегенше,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ер істеді десеңші.
Ер істеді дегенше,
Ел істеді десеңші.

Иә, бұл бір ғана ердің намысын кернеп, Отанына деген адал да сүйіспеншілік сезімі арқасында оянып, бүкіл қазақ жұртын аяқтан тұрғызып Жеңіске жетелеген сын. Соғыс – халықтың күш қуаты, ерлік жігерін сынайтын ұлы емтихан. Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмыла қызмет еткен бауырлас халықтардың ортақ қайғысы, ортақ жеңісі. «Ұлы Отан соғысы»... бұл сөздің ұлылығы да сонда, онымен мәндес, онымен тамырлас бір ғана сөз бар, ол – «бірлік». Қазақ үшін бәлкім, оның күдіреті асқан байлықпен пара пар болуы да содан болар, ол – мүддесі, мақсаты бір халықтардың Отан жолындағы ұлы парызы.

Қазақ атам «Ел қадірін білмеген, ер қадірін білмейді» дейді. Осынша дүрбелең замана көшінде қалып, елдік те, ерлік те сынға түсер тұста бабаларымның кіндік қаны тамған атамекенді бойындағы жаны кеудені жарып шыққанша жан қиярлықпен қорғағаны қазіргі ұрпақтары үшін шексіз бақыт сыйлап кетті. Төгілген қан, аяусыз жазаға ұшыраған солдат, бір мүшеден айырылып, мүгедек болған жан, елге сүйегі де жете алмай қызыл қанға боялған жат жұртта арманда кеткен жауынгер.... Отан жолында ерлікпен өлген ерлерде арман бар ма екен?! Олардың есімі ел есінде, тарих жадында. Қазірде сол боздақтар қатары сиреп бара жатқан сайын, сұрапыл соғыс естеліктері де өшіп бара жатқандай.

«Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде»-
Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде,

- деп қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы Бауыржан Момышұлы күңіренгендей, ерлердің қадірін олар тірісінде ұлықтап өту де ұрпақ үшін олар жасаған ерлікпен тең дүние. Батыр бабалары- мызды шаң басқан архив түптерінен емес, кара жазумен айшықталған кітап беттерінен де емес, жүрек түкпірінен тани білуіміз керек. Бүгінгі шырайлы тұрмысыңа көз салсаң болды, олардың осы жолда қандай құрбандыққа барғанын ешбір дерексіз тануға болады. Бойдағы қан, жүректегі намыс та олардың бізге аманат еткен сарқылмас қазынасы. Ұрпағы жолында толарсақтан саз кешіп, етегінен су кешіп жүріп тапқан ұлы байлығы– Жеңіс туы, Жеңіс күні, Жеңіс рухы . Әлі де болсын ащы дауыс, соғыс зары даланы көмкеріп тұрса да, бүгінгі ұрпақ оны естімейді, себебі, бабаларының қайсар рухы мен жігерлі қадамдары оны Жеңіс әнімен алмастырды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Уақыт – ұлы күш. Ол ешкімге бағынбайды, түбі өзінің мықтылығын дәлелдейді. Бірақ, уақыттан да асқан ұлы күш бар, онымен уақыт тұрмақ, ғасыр, дәуір де санаса алмайды, ол- рух. Рухы мықты адам ғана алға ұмтылады, алға ұмтылған жан ғана – жетістікке жетеді, жетістік қана елді одан әрі кемелдендіреді, дамыған елдің тарихы қашанда биік, тамыры мықты болады. Ал, тарих – ел үшін туып, ел үшін өлген батырлар рухын, батырлар ерлігін ешқашан ұмытпайды. Тарих халықтың туындысы, оны халық жазады, халық өшіреді. Ешкім де ешқашан ұмытылмайды. Тіпті жетпіс жыл, жүз жыл, жеті ғасыр өтсе де...

Ер есімі ел есінде..!
Бабалар рухы мәңгі сөнбесін!

Бақытжанова Әсем

8 сынып, Шахта орта мектебі
Таушық селосы, Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Тұрғынбекова Г.

Махаббатпен жүрегіміз жылысын,
Ән қандырсын құлақтардың құрышын.
Не құрыса, қанды соғыс құрысын!
Жаса, жаса, бейбітшілік – ырысым!
Ө.Нұрғалиев

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттары.
Көрдің бе, ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар.

Иә, қанша үйдің шаңырағы ортасына түсті, қанша үйдің ошағы қайта жанбастай сөнді, соғыстан қайтқандардан жалғыз ұлын сұрай – сұрай, үміті үзілген аналар қаншама?! Ол ақ жаулықты аналардың да қатары бұл күнде азайған, азайса да артында қалған тума – туыс, жақындары әлі күнге жоқтап, бауырларын, олардың деректерін іздестіруде. Қысы – жазы, күні- түні қан төгілген бес жылғы алапат соғыстан кейінгі жүректерді жұбатып тұрып жылататын, жылатып тұрып қуантатын шуақты күн – 9- мамыр.

Иә, табалдырықтан аттағалы тұрған 2015 жыл да айтулы оқиғаларға, жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Солардың бірі – 1941 – 1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы! Дүниежүзін дүр сілкіндірген, адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс атанған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жетпіс жыл толғалы тұр. Жылдар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылжып, бірнеше ұрпақ ауысқанымен ол шежіредей жатталып, ел есінде мәңгі сақталмақ.

Шарпылғам жоқ өртке түсіп, от – оққа,
Бұғанама түсті бірақ салмағы.
Жатпасам да алғы шетпе, окопта,
Жау мылтығы оғын маған арнады,

- деп жазған жазған екен сәби санасын соғыс өрті шарпыған бала Әбіш, бүгінгі заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев. Осы төрт жол өлеңнен – ақ сол бір жаралы жылдардың бейнесі көз алдымызда елестейді.

Ұлы Отан соғысына Маңғыстау түбегінен бірнеше мыңдаған адам аттанған. Маңғыстаулық Кеңес Одағының Батырлары Мәди Бегенов пен Жұмағали Қалдығараевты, ержүрек ұшқыр Біләл Қалиевті, Кемер Оңғалбаев пен Павел Малаевты, Исатай Сүйеубаевты мақтан тұтамыз.

Ел басына түскен сол бір қайғы – қасірет, Отан қорғаушылардың жанқиярлығы туралы қаншама көркем кітаптар, естелік шығармалар жазылып, небір тамаша фильмдер дүниеге келді. Сонда да әлі де айтыла, жазыла береді. Өйткені, халқымыздың қиын – қыстауда бас біріктіріп, майдан даласында да, тылда да көрсеткен қаһармандығы, патриоттығы, асқақ рухы ешқашан ұмытылмақ емес. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні бізден алыстаған сайын сол көздердің куәгерлері, ел қорғаған ерлеріміз де азайып бара жатыр. Ал, қалғандарының да белі бүгіліп қалған. Олардың майданда от кешкендерінің де, тылда жеңіс үшін ауыр еңбекке жегіліп, қажымас қайрат танытқандарының да ерлігі мен жүрген жолы кейінгі буынға өнеге болмақ. Біздерге осындай мамыражай күнді сыйлаған да солар.

Ұмытпайық, шайқаста өлгендерді.
Қадірлейік Жеңіспен келгендерді.
Қадірлейік, ұландар сендер үшін,
Жастық шағын майданға бергендерді.
Жеңіс бізге келген жоқ көктен құлап,
Талай боздақ қалды ғой мәңгі сұлап.
Бүлдіршіндей жас едік бәрімізде,
Бүгінгі күн аз қалдық, ойлан, шырақ!

– деп жерлесіміз, майдангер ақын Е.Бөкенбаев айтқандай, бүгінгі ұрпақ та аталарымыз бастан кешкен сол бір алапат күндерді ұмытпауды азаматтық парызымыз деп санаймыз.

Тарихта аты қалған батырларымыздың бірі – Бауыржан атамыз: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі!» - деп шегелеп айтқан. Отан үшін арпалысқан, ұлттық намысты бәрінен жоғары қойған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

осындай батырларымыздың арқасында қазір өмір сүріп отырмыз. Біз оларға мәңгі қарыздармыз. Білімді, парасатты, халқымызды көзіміздің қарашығындай қорғайтын ұрпақ болып өссек қана, ата – бабалар алдындағы борышымызды ақтай аламыз.

Қазір бізде жастық дәуренді бастан кешірудеміз. Егер біреу «жастығыңды аламын» десе, берер ме екенбіз? Ең тәтті, ең ғажап, ең керемет шақ қой ол өмірде! Үмітпен ұйықтап, үмітпен оянып, барша бақыт алдан күтіп тұрғандай сезінетін шақ ол!

Ал ардагер ақсақалдардың осы ең ғажап шағын соғыс ұрлады!... өмірдің ең нұрлы болуға тиіс күндері майдан даласында қалды... Біреу үй болғанына апта тола салып соғысқа аттанды. Біреу сүйген адамына жүрек сөзін айтып үлгермей кете барды. Енді бірі албырт жастықтың «әкеме, анама тек жақсылық көрсетсем екен» деген арманы оқ ұшында кетті...

Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл толады. Сол кезде 20 жасында майданға аттанған жігіт бүгінде – 90 – 95 жаста. Жастық шағын соғысқа сыйға беріп, ерте қартайып, шашына ерте ақ кірген ардақты жандар аз қалды. Ендеше, солардың ерлігін ұмытпауға тырысайық.

Менің тілейтінім, ешқашан соғыс болмасын. Жерімізде әрдайым бейбітшілік болып, қазақ елі гүлдене берсін! Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын!

Бақытова Әсел

8 сынып, А.М. Горький атындағы мектеп-лицейі
Форт-Шевченко қаласы Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Шопанова А. И.

Ұлы Жеңіс қасиеті

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді.

Иә, сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді... Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте берді, күте берді.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парактаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды...

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Шығыс жұлдыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты.

Иә, кеудесін оққа төсеген қазақтың қарапайым қызы Мәншүк қас дұшпанынан елін қорғаған еді. Ол анасын, туған жерін қатты сағынғанда, қолы қалт босағанда анасына жазған сағыныш хаттары бір толастаған емес.

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9-мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті.

Берекетова Эльмира

7 сынып, №7 орта мектебі

Жаңаөзен қаласы Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Атшыбаева Қ. С.

Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған ойтолғау

Ұлы жеңіс – тәуелсіз мемлекеттер үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін үлкен оқиға. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Бұл оқиға әр үйге әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды.

Ұлы Отан соғысы халық тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтардың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі. Сол бір сұрапыл да отты жылдарды «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмытылмақ емес. Сонымен тарихқа көз жүгіртейік:

1941-жылдың 22 маусымы. Бұл күн Совет одағы үшін қаралы күн болды. Совет одағына қарсы соғыс ашып, шекараны бұзып, төбеден ұшақпен сан мыңдаған бомбалар тастап, дүниенің астан-кестенін шығарды. Сұмдық хабар ел арасына тез тарады. Ер-азаматтар әскерге шақырылып, соғысқа аттанады. Ел мен жерді қорғау кім-кімге де сын болды. Қалыңдықтары, қыздары, келіншектері орамалға кестелеп аттарын жазып, «сағынып жүрсін» деп қол бұлғап шығарып салды.

Біздің еліміз үшін бұл соғыс «Отан соғысы» деп аталып, 4 жылға созылды. Ата-ағаларымыздың айтуынша, қарды көрпе, мұзды жастық қылып, аязға, суыққа тоңғанына қарамастан тек Отан үшін деп соғысып, талай қыршын жасжандарын пида етті. Біріншіден, жерін қорғаса, екіншіден, болашақ ұрпақтың бақытты өмір сүруіне жол ашты. Қарша борап тұрған оққа қарамай, шабуылға шықты. Талай взвод, рота, батальоннан ешбір адам тірі қалмаған кездері де кездесті. Қазақстанның Панфилов дивизиясы жауға күйрете соққы берді. Соғыстың қызып тұрған, мұздай қаруланған жаудың бет қаратпай, аспаннан да, жерден де шабуыл жасап тұрған уақытына тап келді. 28 гвардияшылар немістердің 50 танкісіне төтеп беріп, политрук Василий Клочков «шегінерге жер жоқ, артымызда Москва!» деп ұран салғандай, жауды бір қадам да ілгері бастырмай, өздері өлсе де күл паршасын шығарды. Сөйтіп, елі олардың барлығына да «Совет одағының батыры» атағын берді.

Майданнан ол уақытта «үшкіл хат» деп аталатын бір бет қағазға қарындашпен, сиямен болсын хат жазып, үшбұрыштап бүктеп жіберетін хаттар келетін. Әрбір хат сондай сағыныш, қуанышпен қарсы алынатын. Тіпті бертін келгенше: «Саған хат келді, биле, билемесең бермеймін» дейтіні де рас. Талай үйге «Қара қағаз» келді. Ол заманда «Қара қағазды» алғаннан кейін ол жайында не жазылғанын баяндап, естіретін болған. Алайда, «Қара қағаз» келгеннен кейін, сол қаза болды деген адамдардың өздері тірі келгендері де көп болған. Шешелеріміз балаларына сандықтың түбінде орамалға ораулы әкелерінің суретін көрсетіп, олар әлі болса да тірі шығар, бір жерде жүрген болар, мүмкін келер деп жұбайларынан жап-жас күнінде айырылса да, өл-өлгенше қүйеуге тимей, тіпті жарынан да бала сүймей, күткен. Үлкендер, әйел, бала-шаға бәрі тылда еңбек еткен. Бәрі Отан үшін, соғыста жеңу үшін, ер-азаматтардың аман-есен отбасына оралуы үшін небір қиындыққа төтеп беріп, көне білген.

Сол сұрапыл соғыс айбынды білек, ыстық жүректері мен қайрат күштеріне сенген кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқысында 1945 жылдың 9 мамыр күні жеңіспен аяқталды. Міне, биыл сол Ұлы Жеңіске де 70 жыл толып отыр. Адам бойына күш жігер беріп, зор мақтаныш сезім құяр бұл ұлы күн бізге оңай келмегені хақ. Бұл нәубетті соғыстың зұлматынан қанша ана жесір қалды?! Қанша үміт сөнді?!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Төрт жылға созылған соғыста қажыса да қайраты қайтпаған, жараланса да жасымаған, өлімге берілсе де, жауға бас имеген батыр бабаларымыз Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Қасым Аманжолов, Қасым Қайсенов сынды талай батырлар қан майданда от кешті.

Сұрапыл соғыста «шығыстың қос жұлдызы» атанған қазақ қыздары-Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да ерлермен иық тіресіп, өздерінің нәзік жандылар екенін елемей, майдан шебінің алдыңғы сабынан көрінді. Олардың балауса бал ғұмырлары небәрі жиырманың о жақ бұ жағында қыршынынан қиылып кете барды. Сөйтіп сұм соғыс адамзат жадында ұмытылмастай ізін қалдырды.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылық мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің өшпейтіндігін дәлелдейді.

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Олар ұрпағының жақсы өмір сүруін қалады. «Білектің күшімен найзаның ұшымен» қорғап берген бейбіт өмір біз үшін қашанда қадірлі. Сондықтан аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Олар көрсеткен ерліктер бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. «Отан оттан да ыстық», Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақ біздердің жадымызда мәңгі сақталады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз.

Сұрапыл соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Жылда майдың тоғызында Ұлы Жеңіс күнінде,
Ақ самайлы әкелерді, аталарды көрем де,
Медаль, орден жарқыраған, күн нұрына өңірі
Бас иемін соларға мен борышымды сезем де.
Төбеңдегі ақ үшін, алаулаған жалында,
Тыныш атқан таңдар үшін, мәңгі сақта жадында.
-Уа, тірілер! Есте сақтаң, сертке тіккен антындай,
Біз солардың борыштымыз, баршасының алдында!

- деп ойымды түйіндеймін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Доғдырбайқызы Дилназ

6 сынып, №14 орта мектебі

Теңге ауылы Жаңаөзен қаласы Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Келбетова Ұ.

Жеңіс!

70 жыл бейбіт көктем таң атқалы.

70 жыл шуақты күн таратты әнін

Есімде сонан бері 70 рет

Ашылды жеңіс күннің парақтары.

XX ғасырдағы қанды қасірет екінші дүниежүзілік соғыс еді. Оған әлем халықтарының сексен пайызы қатысты, майданға алпыс бір мемлекет тартылды, қырық елдің жерін соғыс өрті шарпыды, жүз он мың миллион адам қолына қару алды.

Жеңіс. Бұл сөз қарапайым сөз болып көрінуі мүмкін. Бірақ біздің ата бабаларымызға жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Олар елі үшін, жері үшін жан аямай күресті.

Бауыржан атамыз айтқанындай: «Ақын, жазушылар соғыс туралы өлең-жырлар жазады, бірақ олар өз қиялынан жазады. Соғыстың қандай екенін тек соғысқан адам ғана біледі».

КСРО-Германия соғысына Қазақстанның 1 млн 200 мыңнан астам жауынгері қатысты. Олардың басым бөлігі ұрыс даласында қаза тапты.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл айқасты жылдарында ұлы Отаны үшін күрескен жауынгерлердің асқан ерлігі- сарқылмас тақырып, таусылмас аңыз.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сияқты аталарымыздың есімі мәңгілікке тарихта «батыр» деп аңыз болып жазылып қалмақ.

Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұлова (1925-1944) қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданында дүниеге келген. Әке-шешесінен жастайынан айырылған ол ағасының тәрбиесінде болып, олармен бірге Ленинградқа көшіп келеді. Әлияның ағасы офицер болған. Кейіннен Ленинградтағы балалар үйінде тәрбие алады.

1942 жылы өз еркімен соғысқа аттанды. 1944 жылы Ленинград маңындағы елді мекенді азат етуге қатысады. Алдыңғы шепте жүрген Әлия: «Отан үшін алға!»-деп барлық жауынгерлерді соңынан ертіп, жауға қарсы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұмтылады. Жаудың бораған оғына қарамастан қыстаққа бірінші болып кіріп, бірнеше жаудың көзін жояды.

Әлия соғыс жылдары ірі-ірі шайқастарға қатысып, мергендігімен аты шықты. Ер жүрек мерген қыз 20-ға да толмаған қыршын жасында жау оғынан көз жұмды.

Мәншүк Мәметова (1922-1943) Батыс Қазақстан Орда ауданында дүниеге келген. Алматы қаласы №28 мектепте оқыған. Мәншүк Ұлы Отан соғысы басталғанда, 1942 жылы Алматы қаласындағы медицина институтында оқып жүрген еді. Ол өз еркімен сұранып қазақ ұлттық жүзінші бригадасы құрамында майданға аттанды. Мәншүк Мәметова – Невель қаласын қорғау кезінде ақырғы оғы қалғанша жауды қырып ерлікпен қаза тапты.

Қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк үш пулеметті қатарынан қойып, жауды үш сағат бойы бөгеп тұрған.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982) қазіргі Жамбыл облысына қарасты Жуалы ауданында дүниеге келген. Ол жазушы, Кеңес Одағының Батыры. 1941 жылдың күзінен бастап, соғыс аяқталғанға шейін барлық соғысқа қатысқан.

Сонымен қатар кеудесімен жау пулеметін жауып Отан үшін жанын қиған Сұлтан Баймағанбетов сияқты барлық батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес.

Қазақ азаматы Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылы отызыншы сәуірде жауынгер Булатовпен бірге, жаңбырдай жауған жау оғына қарамай Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын желбіретті. Сол сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді.

Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Сол кездегі жауынгер ерлігі мен еңбекшінің «Жеңіс үшін», «майдан үшін» деп төккен маңдай тері ешқашанда ұмытылмайды.

Шүйінші, халқым, шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жеңдік жауды күресте

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жасалсын той мереке,

- деп ақын жырлағандай Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да жетпіс жыл өтті.

Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Ұлы жеңіс күні елі мен жері үшін жанын паш еткен, туған-туысқандарына, жақын жандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Егер біз олардың осы жеңісті қалай алғанын ұмытпай, есімізде сақтап жүрсек, оларға көрсеткен сыйымыз болар еді.

Досмұхамбет Толқын

8 сынып, Бейнеу лицейі

Бейнеу ауданы Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Момынова И. К.

Ұлы жеңіс

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас аландарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Дүйсенов Еділбек

11 сынып, Шахта орта мектебі
Таушық селосы, Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: А.Айтан

Қайдасың, көке?

Жүйткіп өтіп жатқан зымыран уақыт қандай нәрсеге де болмасын өз таңбасын түсіреді. Сол уақыт әміршінің болмысында, жердегі саналы тіршілік иелерінің санасын сілкінітіп, жан-жүрегін жаралайтын, жадында мәңгі сақталып қалатын уақиғалар болып жатады.

Жер бітіп, су аққалы әлемде қаншама қырғын соғыстар болмады десеңізші! Соның нақты бір мысалы, халқымыз сынға түскен кешегі Ұлы Отан соғысы. Нәтижесінде 20 миллионнан аса адам оққа ұшып, жер жастанды. 1941-1945 жылдар аралығында болып өткен екінші дүниежүзілік соғыстан алған еншіміз, міне осындай. Жеңіс туын желбіретіп, жеңіске жеткенімізге де 70

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жыл толып отыр. Бұл дегенің аз уақыт емес, самайын ақ шалған жігіт ағасының ғұмыры ғой. Жарты ғасырдан аса уақыт болсада қаһарлы кеуделерге түсірген көлеңкесі, жүректерге салған жарасы кетті деуге ауыз бармайды. Өйткені, арамызда аман жүрген ардагер майдангерлер, жарын күтумен бар ғұмырын өткізген жауынгер боздақтардың жесірлері, бәрі-бәрі сұрапыл соғыстың суретін саналарында сақтап келген, сол кездің тірі куәгерлері біз, кейінгі ұрпақтар оларды ұлықтап, ерліктері алдында бас иеміз.

Ұлы Отан соғысына біздің шаңырақтан Мақтағанов Досбай деген көкем қатысып, Отан атты алтын бесік ұясын жан қиярлықпен қорғапты. Досбай көке, менің атам Дүйсеннің туған інісі. Ол 1919 жылы туған. Жиырмадан асып жалындап тұрған жас жігіт көз алдыма келеді. Оның халқына, оттан да ыстық Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін, жауға деген қаптаған өрттей өшпенділігін сезінгендей боламын.

Сол кездегі шайқастың нағыз қызған көрігіне айналған Сталинград шайқасында жауды жайпап жүрген көкемнің кескін келбеті көз алдымда көлбеңдейді...

Өмірінің гүлдей жайнап тұрған, асыл арманға толы жастық шағын сұрапыл соғыстың өрті шалды. Жүрегінде үкілеп жүрген тәтті үміті мен махаббат сезімінің орнын фашистерге деген ыза-кек басты...

Көкемнің ағасы, менің атам да інісі майданға жүрген шақта соғысқа баруға сұранған. Бірақ, тылда да ер-азаматтар қат болғандықтан, колхоз жібермепті. Біздің үйіміз, мүше колхоз, балықшылықпен, жылқы өсірумен айналысады екен. Атам Дүйсен - тылда ерен еңбегімен танымал болған жандардың бірі. Жылқышы болған. Малға жайлы қоныс қуалап, Бозашы бойынан Үстірт үстіне дейін барып, мал баққан. Жылқыларды өзі құдық қазып, қауғамен қолдан суарыпты. Осы күнгі Үстірт жеріндегі «Дүйсен қазған» деген шыңырау құдығы сол қиын кезеңнен қалған бір белгі сияқты. Кейіннен жылқы фермасын басқарып, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, жеңістің жақындауына өз үлесін қосыпты. Соған байланысты «Ерлік еңбегі үшін» медалімен наградталған. Досбай көкемнен он төрт жас үлкен атам әне, сондай игі істер атқарған. Атам - Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналып шығарылған «Тағзым» кітабындағы кейіпкерлердің бірі. Ол 1985 жылы өмірден өтті.

Әттең осы күні атамның інісі Досбай көкем тірі болса ғой... тоқсан жасқа келіп, төрімізде отырар еді-ау деп қиялдаймын. Өкінішке орай, от кешуден оралмай хабарсыз кетті. Құлағыма үлкен әжеміздің ұлын жоқтаған зарлы дауысы келгендей, кей кездері елегізіп қаламын. Көңіліме оңашада мынадай өлең жолдары оралады:

Өтіп де жатыр зырлап күн,
Қайдасың көке, тіл қатқын
Өмірін қорғап өттің бе,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Болашақ біздей ұрпақтың.
Басқанда түнек жер бетін,
Ері жоқ болса- Ел жетім.
Қобыланды батыр сияқты,
Елестер кескін келбетің.
Түршігіп соғыс сөзінен,
Түс көріп кейде көз ілемін.
Шайқасып әлі таңменнен,
Жүргендей көкем, сезінем.
Болмасын соғыс, болмасын,
Қадалмай тәнге қорғасын
Шуағын шашып баршаға
Бейбіт күн мәңгі орнасын!
Тек осы менің тілегім,
Үн қатар солай жүрегім.
Көкемдей менде ер жетіп,
Қорғаның болам ұлы елім!

Аталарымыздың ерлігі жылдар өткен сайын жаңғырып, ұрпақтарына әрдайым үлгі-өнеге болып қала берері сөзсіз. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы-халқымыздың қаһармандығын паш етер мерейлі мереке. Ол күндердің даңқы мәңгі өшпейді!...

Тек көкемнің жоқтығы болмаса...

Жайлымысова Гүлжазира

7 сынып, Е.Өмірбаев атындағы орта мектебі
Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы

Желбіре, жеңістің көк туы!

Қазақ жері – қонақжай, жердің төрі,
Қазақ жері – қас сақтай елдің елі.
Елі кедей болмаған – жері байтақ,
Едігедей, Бабырдай ерлер жері.
Қазақ жері көп шеккен қасіретті,
Қазақ елі өнерлі, өсиеті.
Египетті билеген Бейбарыстың
Елі текті, киелі, қасиетті

Биылғы жыл – қазақ халқы үшін айырықша ардақты, мемлекетіміз үшін ең мерейлі меркелі жыл. Өйткені 2015 жылы жеңістің 70 жылдық мерейтойы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тойланбақ. Ғасырға бергісіз 70 жыл бойы күллі қазақтың арман – тілегін аспандатқан, бабаларымыз бен әкелеріміздің аңсаған арманы орындалған жеңіс тойы құтты болсын!

Жеңіс! Осынау сөзді қаншама қазақ армандап, қаншама қазақ көре алмай кетті десеңізші?

Жеңіс келді, бірақ көптеген адамның Жеңістен күткен үміті, күткен адамдары келген жоқ. Көптеген адамның баласы, жары, қаншама баланың әкесі соғыстан оралмады. Сұм соғыс қаншама адамды жесір етті, жетім етті?

Қай заманда болсын, адамзат алдында тұратын ұлы мақсат пен мұратының ең бастысы – елі мен жерінің амандығы. Елі мен жерінің амандығын аңсаған азаматтарымызды, Ұлы Отан соғысына байланысты оқиғаларды еске алудың өзі қандай қиын десеңізші. Сол жеңістің жолында қаншама ана жарынан, сәби әкесінен, ағайын-тума бауырынан, баласынан айырылды. Жеңістің жалауы оңайлықпен желбіремегені айдан анық.

Соғыс үні. Бомба тастаған ұшақтардың үні. Естір құлаққа да, айтар ауызға да оңай емес.

Сол жылы, яғни, 1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адам аттандырған болатын. Статистикаға жүгінсек, жеңіске олардың жартысы ғана аман жеткендігін айтады, қалғандары елі үшін, халқы үшін ұрыс даласында көз жұмды. Бірақ... бірақ...

Олар бізге «Жеңіс» атты қасиетті де қастерлі сөзді мәңгілікке сыйлап кетті.

Адамзаттың бейбіт дамуының, тұрмыс-тіршілігінің рахатына кенелуінің бақыты үшін қаншама миллиондар жанын пайда етті. Біз осынау майдан мен тыл ерлерінің қаһармандығы мен ержүректігін, партизандар мен астыртын әрекет етушілердің, концлагерьлер тұтқындарының табандылығы мен мұқалмас ерік-жігерін зор құрметпен еске алып, алапат майдан даласында қаза болғандардың арамызда жоқтығына қатты қынжыламыз және жоқ жандардың жарқын бейнесін мәңгілік еске алып, мың мәрте бас иеміз.

Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы
Қыран құсым көк аспанда самғасын,
Желбіресін көк аспанда сан ғасыр.
Жас ұландар биік ұста туыңды,
Жарқыратып туған елдің таңбасын!

Жеңіс туы желбірегеннен бері жеріміз гүлденіп, түрленіп, барша жан бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Ел басқарып отырған сарабал саясаткер, өзін барша жанға мойындата білген президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

атамай кетуім дұрыс болмас. Егемен елдің ертеңін ойлап жүрген елбасымыз басқа елдермен тереземізді тең етті емес пе? Жеңіс туының мәңгілік көкте желбіреуіне барынша ат салысып, қажырлы еңбегін, маңдай терін төгіп жүрген елағасына да айтар алғысым шексіз.

Қазақ деген осынау қоңыр елдің басынан қаншама қиын күндер өтсе де, «Қазақ» деген қуатты, мықты, күшті ел екендігін үнемі мойындап, ешқашан мойыған емес, мойымайды да.

Біздер ешқашан «соғыс» деген сөзді естімейміз, бізден кейінгі ұрпақ та естуге тиіс емес.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген
Оқ даусы мәңгіге жойылсын!
Жойылсын! Жойылсын! Жойылсын!

Небір қиын-қыстау күндерді басынан өткізген қазақ халқының басын бұлт шалмасын! Қазақстанның көк туының астында жеңіс мәңгілік орын алып, барша жан бақытқа кенелсін!

Мен едім елімнің текті ұлы,
Еске алу парыз ғой өткенді,
Соғыстың естімей дүрмегін,
Желбіре, жеңістің көк туы!

Жеңіс тойы, ел тойы, халық тойы тағы да құтты болсын, ағайын!

Жексенбай Айым

10 сынып, Есет мектеп-балабақша кешені
Бейнеу ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Жиенбаева Г.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қариялар азайып бара жатқанның әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Менің туған жерім Есет селосында соғыста ерлік көрсеткен ардагерлер аз болған жоқ. Олар: Иманбаев Бекен, Смайлов Отарбай, Раушанов Ауданбай, Бөлекбаев Ерекеш, Күшікбаев Нұрбау, Майлыбаев Досан, Нұрбергенов Дүнбай, Ақоразов Махмут, Қүлекенов Жолдыбай аталарымыз. Олардың ерліктерін біз ешқашан ұмытпаймыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ардагер аталарымызға арнап аулымыздың белгілі азаматы бүгінде марқұм болған Мұратов Нухы ағамыздың бастауымен ескерткіш орнатылды.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

-1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.

-1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

-1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

1945 жылғы 9 тамыз-одақтастық міндеттемелерге сәйкес КСРО соғыстың соңғы ошағы Жапонияға қарсы соғыс басталды. Қиыр шығыста Жапонияны қарсы соғысқа аттанған әскери бөлімдер арасында қазақстандық құрамалары да болды. Тынық мұхит флоты әскери-әуе күштерінің 12-шабылдаушы авиация дивизиясының звено командирі, көкшетаулық Михаил Янко 1945 жылғы тамыздың 10-ында Гастэллоның ерлігін қайталады.

Жапонияға қарсы шайқастарға Ақтөбеде құрылған 74-жеке теңіз атқыштар бригадасының негізінде ұйымдастырылған 292-атқыштар дивизияның жауынгерлері Кеңес Қарулы Күштері дәстүрінің даңқын шығарды. Забайкалье сонан соң 1-Қиыр Шығыс майдандары әскерлерінің құрамында қазақстандық 129-миномет полкі шайқас жүргізді. Қазақстан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

минометшілері батылдық және ерлік көрсеткені үшін 2027-жауынгерлік ордендер мен медальдарға, соның ішінде 14 адам «Кореяны азат еткені үшін», 234 адам «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарына ие болды. Қызыл Армияның Қиыр Шығыстағы соғысы 24 күнге созылды.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті. Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар. 1945 жылғы 2 қыркүйекте Жапония жеңілгендігі туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Міне, осындай көптеген жауынгерлердің ерен еңбегі ел есінде мәңгі қалмақ! Ел үшін жанын берген азаматтарды біз құрметтеуге тиіспіз!

«Ер есімі-ел есінде», - демекші, бізге бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымыз, ағаларымыздың және апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмасын!

Жұмашев Айзат

8 сынып, Опорный орта мектебі, Боранқұл селосы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Жолдаскали М.

Ерлікке тағзым

Мен ең алдымен адамзат тарихындағы ең сұрапыл, қанды қырғын ошағына айналған екінші дүниежүзілік соғыс, фашизмге қарсы шайқастар мен онда ерлік көрсеткен батырларымызға бүкіл жас буындырдың атынан алғысымды білдіремін. Себебі олар болмаса біз осындай ашық аспан астында Ұлы Отан соғысының жетпіс жылдығын тойлап отырмаста едік?! Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді.

Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді... Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен ...

Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық.

Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш ауылымыздың ардагерлерінің ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. Міне, Ұлы Отан Соғысына жетпіс жыл толды! Қаншама қиындықпен келген еңбек. Осындай сұрапыл жылдары қолына қару алып, Отан қорғауға үлес қосқан сарбаздарымыз, бейбіт күнде туған жерді түлетуге атсалысқан еңбек майталмандары, Ұлы Отан соғысының ардагері Алуадин Орақұлы және Өсәләмов Әбді атамыз Боранқұл ауылының тұрғындары, біздің мақтанышымыз. Бүгінде тоқсан асқан ардагерлеріміздің айтқан әңгімелері ғибратқа толы. Адамның ізгілігі мен жақсы болуы болмысынан деген қағида ежелден айтылып келе жатқан пікір. Әрине, көрсетілер құрмет олар үшін сұраусыз да. Әліге дейін ардагерлеріміз ауылдастарының арасында, ұрпағының алдында абыроймен ғұмыр кешіп келеді.

Жандары жүдемесін, жүректері ауырмасын, бақуатты болуларын қарт майдангелерімізге тілейміз! Асыл сүйекті текті аталарымызды ардақ тұтып, құрметтеу біздің парызымыз. «Ер есімі – ел есінде»,- демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Иманғалиев Дархан

8 сынып, Бейнеу лицейі

Бейнеу ауданы Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Момынова И. К.

Соғыс өртіне 70 жыл

Кеңес үкіметінің орнағанына жырма төрт жыл. 30-жылдардағы зобалаңнан халық есін жия бастаған. Алдағы бақытты өмір үшін белсене еңбек етіп жатты. Еңбекші халық қаннен қаперсіз, тыныштық өмір кешуде болатын. Келесі күн жексенбі-демалыс еді. Оқушылардың біразы ертең ертемен пионер лагеріне бару үшін буынып-түйініп қойған. Енді бір бөлігі ертең болатын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туристтік саяхаттарды ойлапжатып, ұйқыға шомған. Таңғы сағат төртке таяды. Тек шекарашылар ояу болатын. Кенет батыстағы шекарашылар жарқылдаған, от сияқты сәулелерді байқады. Олар тез арада көбейіп, қызылды-жасылды болып, қалқып келіп қалды. Жер-көкті моторлар гуілі алып барады. Ә дегенше болған жоқ, батыс жақтан келген ұшақтар аэродомдарды, соғыс қаруы тұрған қоймаларды, қалаларды бомболай бастады. Жер беті қаптаған машина: танкілер, әскер тиеген машиналар, мотоциклдерге мінген солдаттар. Бүкіл дүние астан-кестен. Құлаған үйлер, қираған қалалар мен елді мекендер, өртенген қоймалар, қырылған адамдар.

1941 жыл маусымның 22-сі Кеңес мемлекетінің батыс шекарасында соғыс осылай бастады. Батыс шекара өте ұзақ болатын, 3 мың шақырымдай. Бұл соғыс КСРО тарихына Ұлы Отан соғысы деп енді. Өйткені соғысты бастаушылар осы мемлекетті жоюды мақсат етті. Ал кеңес халқына өз елін, мемлекетін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалу керек болды. Сондықтан да осы соғысты жеңіспен аяқтау үшін оған бүкіл ел, бүкіл халық қатысты.

Германия фашисттері бұған дейін де бірнеше елдерді басып алған болатын. Олар КСРО-ға қарсы соғысқа барынша дайындалды. Күшіне сенгені сондай, бұл елді 3-4 айда басып алу жоспарлаған болатын. Бірақ жау қатты қателескен болатын. Қатысқан әскерлер мен қырылған адамдар жөнінен, шаруашылыққа, жалпы адамзатқа келтірген зияны жөнінен тарихта мұндай соғыс болған емес.

Герман фашисттері тарапынан бұл нағыз әділетсіз соғыс еді. Олар тыныш жатқан елге басып кірді. Ал, Кеңес елі тарапынан әділетті, қорғану соғысы болды. Бұл соғысқа бұрынғы КСРО-ның құрамдас бір республикасы ретінде Қазақстан да, оның барлық халықтары да түгел қатысты. «Соғыс» деген суық хабар Қазақстанның барлық жеріне сол 22 маусымда жетті. Қалалар мен ауылдардың бәрінде де жиналыстар өткізілді.

Жаз айының осы бір жайма шуақ жексенбісінде Алматы қаласының еңбекшілері халық жиналатын жерге жинала бастады. Адамдардың өңінде бұрынғы қуаныш пен жайдарылық сезілмейді.

Жиналысқа қатысқандар фашисттердің опасыздықпен жасаған шабуылын қатаң айыптады. Қазақстан еңбекшілерінің барлық күшін жауды күл-талқан етуге, Қызыл Армияны керекті нәрсенің бәрімен қамтамасыз етуге шақырды. Елді қорғауға көмір, мыс, қорғасын, астық қанша керек болса, сонша береміз делінді. «Жауға ешбір мейірім болмасын» деген үндеу қабылданды. Шымкент қаласындағы қорғасын зауытының жұмысшылары: «Жұмысты бұрынғыдан әлдеқайда жақсы істейміз, елімізге қорғасын қанша керек болса, сонша береміз...»- деп уәде етті.

Ал, Жамбыл облысының Жамбыл ауданындағы бұрынғы Ильич атындағы ұжымшардың еңбекшілері: «Биылғы бітік егінді тез жинап, мемлекетке астық тапсыруды бұрын және асыра орындаймыз, қандай жау болса да жеңеміз...»-деп серт етті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Фашистердің айуандығына қанымыз қайнайды. Бізді соғыстың алдыңғы шеңберіне жіберуіңізді сұраймыз», - деп өтінді Қарағанды шахталарының жұмысшылары.

Міне, Қазақстандықтар бірнеше мың шақырым қашықтықтағы халықтардың, орыстар мен украиндардың белорустар мен молдавандардың, т.б жеріне жау басып кіргенде осылайша ерліктің, достықтың үлгісін көрсетті.

Ол күндері елдің батыс шекарасындағы кеңес әскерінің жағдайы өте ауыр болды. Ел жерінің әрбір адымын күші басым жаудан асқан ерлікпен қорғады. Бұған Брест қамалын қорғаушылардың ерлігі мысал болады.

Фашистер Кеңес мемлекетінің астанасы Мәскеуді басып алуға бар күшін салды. Үлкен шығындарға ұшырғанына қарамастан, үсті-үстіне жаңа күш әкеліп, алға қарай жылжи берді. Ақыры 1945 жылы сәуір айының аяғында Германия астанасы Берлинде аяқталған болатын. Осы жылғы соғысқа біздің жерлестеріміз де қатысты. Рейхстагтің төбесіне ту тіккен ержүрек жауынгерлер Егоров пен Кантария болатын. Олар Рейхстагтің төбесіне жеткенше оның төменгі қабырғаларында қызыл жалаулар желбіреді. Осындай алғаш ту тіккен он үш жауынгерлердің бірі Рақымжан Қошқарбаев еді.

Біз осы ата-бабаларымызды құрметтеуіміз керек, себебі осы ата-бабаларымыздың арқасында осы күнге жеттік. Біз осы ата-бабаларымыздан үлгі алуымыз керек. Олар өз елінің нағыз патриоттары. Олардың ерен еңбектері мен ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Біз оларды әрқашанда есте сақтап, ардақтауымыз керек. Олардың ішінде біздің өз жүздеген ата-бабаларымыз бар: Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Шығанақ Берсиев, Мәди Бегенов, Жұмағали Қалдығараев т.б қазақ жауынгерлері қатысты.

Кенжеғұл Айтқали

11 сынып, Шахта орта мектебі
Таушық селосы, Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Г.Қарабасова

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

Қайсарлық пен қаһармандық,
Отанға деген сүйіспеншілік
аса қатыгез сұрапыл соғыста
жеңіске жол ашты.
Н.Ә.Назарбаев

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Қасиетті Маңғыстау топырағы қай заманда да ат тұяғының дүбірінен, атой салған аласапыран кезеңдерінен кенде қалып көрген жоқ. Кезінде жеті жұт келіп жайқалған бұл өңірдің ұландары аттың жалы, атанның қомында белі қатайып, ел мен жер намысын қорғап есейген. Ауыл азаматтары соғыстың алғашқы айларынан бастап, Қызыл Армия қатарына майданға алына бастаған. Көптеген жанұялардың бас көтерер ер азаматы қолына қару алып, майданға аттанады, олардың орнында қалған әйелдер еңбек майданына араласады. Әйелдер басқару орындарында, егін және мал шаруашылықтарында тіпті көмір тресінде де жұмыс істеген. Олар күнделікті жұмыс көлемін асыра орындап отырады. Олар партия мүшесіне кандидат, комсомол мүшелері қызметін атқарады.

Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағы бойынша 27 млн. қаза тапқан болса, соның 13% қазақ, Ұлы Отан соғысына қатысқан Қазақстандықтар саны –1 млн 200 мың. Соғыста қаза болғандар саны - 603 мың. Маңғыстау облысынан соғысқа 5710 адам әскерге алынып, 2216 адам елге оралған жоқ. Ұлы Отан соғысында 5 маңғыстаулық батыр атағына ие болды. Маңғыстау топырағынан майданға аттанғандар арасында есімдері беймәлім қалған ерлер болғанына күмән жоқ. Соғыстың аласапыран дүрмегі наградаға ұсынған талай қағазды қалтарыста қалдырған да аян. Маңғыстаудай маңғаз түбектен аттанған боздақтар соғысқа награда үшін келмегендерін, ел шебін қатыгез жау тырнағаннан тезірек босатып, ел-жұртына аман-есен оралуды ғана ойлағандарын айту керек. Ұлы Отан соғысының тарихынан лайықты орын алған Маңғыстаулық батырларымызды атасақ, олар Мәди Бегенов, Жұмағали Қалдықараев, Исатай Сүйеубаев, Біләл Қалиев.

Ұрыс даласында тапқырлық пен табандылық көрсеткен Сталинград үшін шайқастың Ленин орденді ержүрек батырларының бірі жерлесіміз Исатай Шаяхметұлы Сүйеубаевтың аңызға айналған ерлігін баяндайтын деректер мол. Ол туралы кезінде майдандық, облыстық, республикалық баспасөз басылымдарында көп жазылды. Жауынгерлік ерлігін ақындар-жазушылар өздерінің туындыларына өзек етіп, қалам тартқандары баршаға аян. Ерліктің жай-жапсары мұрағаттарда, мұражайларда толық сақталған. Батырдың қаһармандық тұлғасын әскердегі жолдастары, командирлері, зерттеушілер өз еңбектерінде құрметпен еске алды.

Ол 1913 жылы Маңғыстау ауданы Шайыр селолық Кеңесіне (бұрынғы «Правда» колхозы, кейін «Октябрьдің 50 жылдығы» совхозы) қарасты Тиген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеріндегі №18 ауылда дүниеге келген. Исатай Маңғыстау жерінде бағзы заманнан бері қоныстанған бабамыз Адайдың Мұңалынан, оның ішіндегі әйгілі шебер Қаражүсіп, бергі жағы ХХ ғасырдың басында Ораз, Нұрсұлтан, Хажы, Сәду Оңғалбаевтар сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері, елге сыйлы азаматтар шыққан Жары руының Тоқтамыс атты тайпасынан.

Жастайынан қиындыққа төзіп, мойымай өскен Исатай сұрапыл соғыс басталғанда небары жалындаған 29 жаста еді. Исатай 1942 жылы өз еркімен жазда сұрапыл соғысқа атанады.

Ол әскери қызметті Оңтүстік-Батыс майданның 21-ші армиясы 293-ші атқыштар дивизиясының құрамында бастайды. Елге келген соң соғыс зардаптарынан әбден қалжыраған ауылдастарына көмектесіп, колхоз шаруасына араласады, колхоздағы машина-трактор стансасын жолға қойып, Таушықтағы көмір өндірісінде техникаларды жөндеуші болып қызмет атқарады. Кейін Таушық көмірін Сартастағы айлаққа тар табанды вагонеткалар арқылы таситын тепловоз жүргізушісі болып қызмет атқарады.

Ұлы Отан соғысы жайлы бірсыпыра айтып өту мүмкін емес. Қаншама ата-бабаларымыз, апа-ағаларымыз осы жеңіс үшін аянбай соғысып, жандарын қиды. Бұл соғыс адамзат тарихында ең сұрапыл, әлемді дүр сілкіндірген, жан түршігерлік қанды қырғын болды. Ұлы жеңіске еліміздің барлық халықтың жеңіске құштарлығының арқасында, береке-бірлігінің арқасында елімізді, жерімізді, Отанымызды сақтаймыз, - деп жан аямай соғысып, жан аямай еңбек еткеніміздің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан да, бұл мереке адамзатқа, олардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш, ортақ жеңіс!

Маратов Аманбек

8 сынып, А. Горький атындағы мектеп-лицейі
Форт-Шевченко қаласы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Таңбаева Н. Ш.

Мен таныған ақиқат

Атам Асқанбаев Баялы мен барлық батыр
аталарымның ерлік ісіне арнаймын.

Мен соғысты көргем жоқ, қан майдан даласында өмір сүргем жоқ, жанарлардағы үрей мен қорқынышты сезгем жоқ. Мен бақытты елдің бақытты ұланым. Бірақ «соғыс» деген сөз – мен үшін үрейлі сөз. Өйткені мен менің бақытым үшін майданда қан кешкен аталардың ұрпағымын. Олардың өшпес ерлік істерінің ғана емес, «соғыс» деген атауға айтылған лағнетінің де мұрагерімін. Сондықтан да мен оны адам баласы үшін ең үрейлі, ең

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қорқынышты сөз деп білемін. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, елу миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Адамзат тарихында ірілі-уақты он бес мыңға жуық соғыстар өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жөнінен ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және оның ажырамас бөлігі болған Ұлы Отан соғысы болды.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Менінде атам Ақсанбаев Баялы солардың біреуі болып 1942 жылы 4 ақпанда соғысқа аттанды.

Соғыстың алғашқы күнінен бастап өзінің ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілетімен ерекшеленген атамды командирлерді дайындайтын Брянск әскери саяси училищесіне оқуға жібереді. Оқуын аяқтағаннан кейін, өзі сияқты кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келген жауынгерлерді бастап ұрыс алаңына аттанады. Жауыздық пен қатыгездіктің соғыс алаңы ауылдан келген жас жігіттің мінезін шыңдап, «Отан, ел үшін алға» ұраны рухын қайрап, соңына ерген жауынгерлерімен майдан даласында ерлікпен шайқасқа шықты. Соғыс кезінде жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Батыр Бауыржан Момышұлы атамыздың «Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр» деген сөзі осы менің атам сияқты командирлерге айтылса керек. Өйткені, 1942 жылы Полтава түбінде болған қанды шайқаста әскерді бастап келе жатқан командир атамның аяғына бірнеше жерден оқ тиіп, ауыр жараланып госпиталға түседі. Жарақаты жазылған соң, көп кідірместен соғыс алаңына қайта оралады. Ол майданда тек қана басшы емес, сонымен бірге жауынгерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі бола білді. Себебі, үш жасынан әкесінен жетім қалып, қиындықты, өмір тауқыметін көп көрген командир жас жауынгерлерге көп тәлім тәрбие беретін.

Тағы да қырғын соғыс, бейкүнә жас бозбалалардың өлімі, сатқындық, қатыгездік... Мұның бәрі командирді одан сайын қатайтып, жауға қарсы қайсарлықпен қарсы тұруға жетелейді. Командир аласапыран шақта бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін алып шығып, қақаған қыста өзі бастаған әскерлерді жоғалтпай үнемі берілген тапсырманы мүлтіксіз орындап отырды. Соғыс алаңында командир тек қана бастаушы емес, ол мықты тактик және

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жетік стратег болу керек. Менің ойымша, осы қабілеттің бәрі менің атамның бойынан табылған сияқты. Себебі, ұрыста ерекшеленіп үнемі жауынгерлерді бастап жүрген атамды 1943 жылы Полтава және Горький танк училищелеріне курсқа жібереді. Білімін шыңдай түскен аға лейтенант Ақсанбаев Баялыны 79-ші танк дивизиясының 7-ші танк полкына командир етіп жібереді. Біліктілігін арттырған командир Отан үшін бар күшін аямай жауға қарсы шықты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерлігімен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Менің де атам Бауыржан Момышұлы сияқты өжет қолбасшы болатын. 1943 жыл 24 қазанда командир Ақсанбаев Баялы Ржевск қаласының маңындағы ұрыста кеңес одағының түкпір-түкпірінен отан қорғауға келген жауынгерлерді «Отан үшін алға!» ұранымен бастап, фашистердің әскерін шетінен қырып келе жатқанда кенеттен оң иығынан оқ тиіп қансыраған күйінде жерге құлай кетті... тағы да жарақат, бірақ ол атамның сағын сындырмады, жігерін жасытпады.

Соғыста бірнеше рет жараланғанымен, 1945 жылы соғыс аяқталғанымен елге оралмай, өмірдегі өзі арқалаған болашақ үшін күрес жүгін, қоғам алдындағы борышын терең түсінген атам 1947 жылы елге оралады.

Бұл шығарма менің тарихи деректерге сүйене отырып, командир атам туралы әскери билеттегі жазбаларды қолдана отырып, немерелік қиялымнан туындаған әңгіме. Бұл тарихи оқиғаның шын мәнінде қалай болғандығын осыдан отыз бес жыл бұрын өмірден өткен үлкен атам ғана білетін еді. Ал соғыстың қақ ортасында болып, өлім мен өмірдің ортасында болған атам соғыс тақырыбын ешқашан қозғамаған екен. Ол туралы сұраған адамдарға мүлдем еш нәрсе айтпаған... Оның себебін түсіну қиын емес шығар.

Бүгін мен маған жеткен осындай деректерді ақтара отырып, ерлік, батырлық дегендердің шын мәнінде не екенін ұғынғандаймын. Бір-ақ рет берілетін өмір деген құдіретті басып өтіп, өлім уын шашқан оққа қарсы кеуде тосу дегеннің қандай қасиет екенін түсінгендеймін.

Иә, Ұлы Отан соғысы ұзаққа созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді.

Мүмкін, осы қаза тапқандар менің атамның үнемі көз алдында жүрген шығар. Оны ұмыту әсте мүмкін болмаса керек. Әлде, өздері сияқты бұйрықты орындаушы немістің бейкүнә бозбаласының өмірін қыйды ма екен...?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазіргі өмір сүріп жүрген жас ұрпақ мұның бірін білсе, бірін білмейді. Соғыстан кейінгі 70 жыл ішінде Ұлы Отан соғысы жайлы естелік әдебиет, деректі фильмдер болғанымен, шын қанды соғысты көз алдына елестету қиын. Осылардың барлығын ой елегінен өткізгенде, сол майдан даласында қан кешкен аталарымның ерлігін сөзбен айтып жеткізіп, ақылға сыйғызу мүмкін емес сияқты. Тарихтың тереңінен бір-ақ ақиқат көрінеді: Отан – Ананы қорғау! Осы ақиқат қана бәрін түсіндіріп, барлық сұрақтарға жауап болады деп ойлаймын. Осы жолда таңдау біреу-ақ, ЖЕҢІС!

Иә, аталарымыз жеңді, біз жеңдік! Десе де, бүгінгі тарих осы соғыс екі дауласқан елге қандай пайда әкелді, не үшін, кім үшін деген сұрақтар қоюы да заңдылық болар. Өйткені тарих қатпарларын ақтарып, ақиқатты табу мүмкін емес. Сондықтан да бүгінгі күні замандастарымның арасындағы әртүрлі пікірге түсіністікпен қарау да керек шығар. Бірақ мен мойындаған ақиқат-қанша уақыт өтсе де, қаншама тарих бетпердесі ашылса да, қаншама құндылықтар өзгерсе де Ұлы Отан соғысы Ерлері ешқашан өлмейді! Өйткені олар өмір үшін, адамдық пен ақиқат үшін күресті! Өйткені олар болашақтың күні үшін жанын берді! Бұл санадан еш уақытта сызылмайтын, өшірілмейтін ақиқат! Осы ақиқат бұрмаланбаса екен! Осы ақиқат әр адамның жүрегінен өшпесе екен! Сонда ғана біз, құдіретті ерлер ұрпағы бейбіт күннің, адамдық пен ақиқаттың құнын білер едік!

Мешитбаева Мадина

8 сынып, Күйкен орта мектебі Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Есназарова Л. Д.

Ұлы жеңіске мың тағзым

9 – мамыр Жеңіс күні... Бұл соңғы кезде ұмытылып бара жатқан мерекелердің бірі. Дұрыс, мерекелейміз, тойлаймыз бірақ, ол қандай мереке, қандай қанды азаппен келгендігін біз біле бермейміз-ау осы? Соғыстыың бізге тигізген зардаптарын таразылай келсек, шаш етектен. Сол соғыс нәтижесінде адамдар қырылды, балалар жетім, әйелдер жесір, ал ақжаулықты аналарымыз бен аталарымыз бауыр еті баласынан айырылып, қабырғасы қайысты, жүректері қан жылады. Соғысқа аттанғандар оралды. Сұмдық-ай, оралмағандары қаншама?! Үйде қалған балалар мен әйелдер соғыс үшін таң атқаннан қара кешке дейін аянбай еңбек етті. Көптеген балалар соғысқа кеткен әкелерін сағынып, жүрегіндегі ыстық сағынышын өздерінің өлең шумақтары арқылы сыртқа өзегін өртей шығарды. Елге соғыстан қара хаттар келіп жатты. Қара хат келгені бұл – қаза болды дегені. Қара хат келді дегені- сол үйдің басына қара бұлт үйірілгенмен бірдей болды дегені. Тіптен мүлдем

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

хабарсыз кеткендері ше қаншама дерсіз? Оларды әлі күнге дейін іздеу салып, ең болмаса қабірін тауып алсам болды дегендерді де құлағымыз жиі шалып та қалады. Үй іші олардың не өлі, не тірі екенін біле алмай қиналды, жандары күйзеліске ұшырады. Аналары болса, баласын соңғы демі үзілгенше зарығып, аман сау екенін көруді армандап өтті. Бірақ, бұл тілектердің кейбіреуі ғана жүзеге асты. Осы соғыстың басталу тарихына үңілсек, Германия мемлекеті 1939 жылы 1 қыркүйекте Польша жеріне басып кірумен Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында фашисттік Германия әскері КСРО-ның батыс аумағына баса-көктеп кірді. Ең алдымен жау шабуылына ұшырағандар батыс шекарашылары болды. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол сол бойынша қысқа мерзім ішінде жаулап алып оны шикізат, адам қоры көзіне айналдырмақшы болды. Кеңес халқы тарапынан әділетті бұл соғыс тарихи әдебиеттерде «Ұлы Отан Соғысы» деп аталды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтардың ұлттық рухын көтеру үшін батырлық эпостарды басып шығарып, майдангерлерге жазылған хаттарда қазақ хандарының аты атала басталды. Бұл кезде лагерлер мен партизан отрядтарында болған жүз мыңдаған тұтқындар қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ жауынгерлерін жігерлендіру үшін соғыс уақытында жариялана бастаған тарихи шығармаларға қайтадан тыйым салынды. тарихшы және әдебиетші тұлғаларының еңбектерін сынап-мінеу, оларды қуғындау басталды.

Соғыс даласында Қазақстан үшін ерлігімен көзге түскен батыл да өжет аға-әпкелеріміз бар: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов, Жәнібек Елеусізов т.б. Соғыс десе көз аалдымызға қызыл қанға боялған сұрықсыз дала, зеңбіректер менмылтықтар дауысы, жау оғына жасқанбай қарсы тұрып жанын ерлікпен қия білген ержүрек солдаттар, екі көзі төрт болып, жанарлары мөлтілдеп асыға күткен балалар мен аяулы арулар елестеп көз алдымызға еріксіз жас келеді. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен кейін де Ұлы Жеңіс күні жыл сайын атап өтіледі. Мемлекетіміз соғыс ардагерлеріне қаржылай көмек беріп, және олармен сұхбат жүргізеді. Бір қынжылтатыны, қарияларымыздың азайып бара жатқаны сияқты оларға деген мейірім мен құрмет те соңғы кездері мүлдем көрінбей бара жатқан сияқты. Оларға қалған өмірінде өздері жан беріп, жан алып күрескен Отан құшағынан құрметке толы назар мен мейірім деп ойлаймын. Біз өскелең ұрпақ ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпай оны мәңгі бақи есімізде сақтауымыз керек! Олардың кім үшін жандарын қиғанын ұмытпауымыз керек! Біз қазір сол ата-бабаларымыздың тарту еткен тәуелсіз мемлекетіміздің әр жерін адымдап басқан сайын оның санын емес, қадірін түсінейік!

Бабаларға иіліп тағзым еттім,
Бейбіт болсын мәңгілік құтты қоныс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұмытпайды ұрпағың ешқашан да,
Күркіреп, күзгі күндей өтті соғыс.

Молдабекова Айзада

10 сынып, А.М.Горький атындағы мектеп-лицейі
Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Тахтабекова Б.С

Биыл, біз Ұлы Жеңіс мерекесінің 70 жылдығын тойлағалы отырмыз. Жеңіс... Ия, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап, сарыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ, сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана, жарын жоғалтып жесір, бала әкесінен, анасынан айырылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді. Ал, тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы – қасіретін арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып сапқа тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі Жеңіс сағатын жақындата түсті.

Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреті шексіз екенін баршамыз білеміз. Соғыс зардабы көпке дейін оңалмады, әсіресе адам жанында ауыр жарақат қалдырды. Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді. Қазіргі біздің сәулетті өміріміз үшін жанын қиып, кеудесін оққа тосқан батырлар ерлігін жас ұрпақ есінде қалдыру бәріміздің азаматтық борышымыз.

Жеңіс күні – ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы. Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Өткен соғыс әрбір адамның жүрегінде өшпес із қалдырды, миллиондаған адам өмірін сұмдық қанды қырғынға ұшыратып, жер бетін жайлап өткен соғыс дауылының сол бір алапат кезеңін бүкіл адамзат үнемі еске алумен келеді. Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата – әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде – ақ майданға аттанды.

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздердің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке . Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді.

Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. 1945 жылдың 9 мамыры... Жылдан-жылға алыстап бара жатқан мерзім. Дей тұрғанмен, Ұлы Жеңістің маңызы біздің жадымызда мәңгі орын алған деуге болады. Ұлы Жеңіс тойы – бұрынғы кеңестік халықтардың ортақ, басты мерекелерінің бірі. Бұл мереке – ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі. Осындай айтулы күні біздер құрметті ардагерлеріміздің алдында ерекше бас иеміз. Жыл өткен сайын біздің ардагерлеріміз жасаған ерліктің даңқы сөнбейді.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Жеңіс Күні – ең қымбатты, қуанышты да қайғылы, мәртебелі мейрам, халқымыздың ерлігі мен даңқының жарқын көрінісі болып табылады. Бұл күн тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғыста Жеңісті жақындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

Жеңіс! Осынау жалғыз ауыз сөзде қаншама терең мағына жатыр. Кез келген істің, қандай күрестің де басты мақсаты жеңіске жету болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысындағы үлкен Жеңістің орны айрықша бөлек. Қайғы мен қасіретке толы болған сол бір ауыр да азапты күндердің артта қалғанына биыл 70 жыл толып отыр.

Дүние дүр сілкінді,
Жеңіс жетті далаға.
Асқар таулар асқақтап,
Күлімсіреп дара да.
Дала төсін қақ тіліп,
Атойлады ақ бұлақ.
Жеңіс!
Жеңіс!
Жеңіс!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деп. Сүйіншілеп шапқылап - демекші, жеңіс көктемі нұр әкелсін!

Молдағали Жайна

7 сынып, №2 орта мектебі

Мұңайлы ауданы Маңғыстау облысы

Ерлер – елдің тұтқасы, жердің қорғаны

Ел мен жердің тыныштығын күзетіп тұрған ұландардың тәуелсіздікті ата-бабадан қалған мұрадай сақтауы міндетті саналмақ. «Жау жоқ деме, жар астында» дегендей, шекараның сақшылары сыртқы қорғаныспен қатар, елдің ішкі қорғанысын арттырып, біздің енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан, әлі шалыс басып көрмеген мемлекетімізге сұқтана қараған көздерден сақтап отыр. Олар «Елім үшін бәріне дайынмын» деп күндіз-түні қақпа алдында тұрып, Отанның бейбітшілігін сақтап отыр.

«Сақтықта қорлық жоқ» демекші, мемлекетіміздің әскери басшылары жоғарыда айтып өткендей, қорғанысты дамыту мақсатында жас сарбаздарға жердегі қорғанысты, әуе қорғанысымен қатар теңіз жолдарындағы қорғанысты нығайтуды міндет етуде.

«...Жалғыз жер байлығына сеніп қалуға болмайды. Ең алдымен, ел байлығына сену керек. Ел байлығы деген не? Ол – білім, ол – жаңа технология, ол – бәрінен бұрын отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм» - деп, мемлекет басшысы айтпақшы, айбарлы ұландар – еліміздегі ең патриот жандары.

«Адам еркін болмайынша, қоғам еркін болмайды. Қоғам еркін болмайынша, ойың еркін болмайды...» деген Н. Ә. Назарбаевтың сөзін шығармама арқау ете отырып, біздің еркін болуымыз – ең алдымен осы сақшылардың қолында екенін айтқым келеді. Әрине отан қорғау және отанға берген антты бұзбай ұстау – ол үлкен парыз, ал сол ауыр жүкті арқалаған ағаларымыз – ел үшін ардақты жандар болып табылмақ. Сап түзеген тырнардай саппен жүре отырып, әр қадамын санап басып, көздерінде от жанған, жүрегінде түгі бар, жігерлі отан қорғаушылар ел сенімін ақтайды.

Ей, қазақтың ұрпағы! Сен қазіргі таңдағы елін қорғап жүрген сарбаздардан үлгі ал! Сен де ертеңгі күннің ұланысың! Сен – елдің тұтқасысың!

Мен Молдағали Жайна Даулетқызы отан алдында болашақта елге қызмет ететін азаматша боламын және отанды қорғауға барынша атсалысамын деп ант етемін!

Мұханбетов Бекберді

8 сынып, №3 орта мектебі
Мұнайлы ауданы Маңғыстау облысы

Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша атың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктер бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Отан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды. Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Отаншыл болу- ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғағанын ұмытпау- парыз...

Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағына басталады. Қазақ жері-киелі, қасиетті. Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді дана халқымыз. «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас камалдай берікпіз. Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің»,- деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным, маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пайда етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл-шынында да ерлік болатын. Майдан шебінде жанын пайда еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Оңдабаева Әмина

9 сынып, 14 орта мектебі Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Ұзақбаева Р.А.

Сұм соғыстан аман сау қалған ерлер,
Отан үшін отқа да жанған ерлер,
Бәріңіз де біздерге қымбатсыздар,
Құрметті де қадірлі ардагерлер!!!

Соғыс жаңғырығы жылдан – жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. ХХ ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да, оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да, қазір санамызға қайта оралып жатқан тұлғалар аз емес. Мысалы, Бақтыораз Бейсекбаевты аға буын өкілдері білген жоқ қой. Қазір еліміздегі ең жоғарғы награда «Халық қаһарманы» атағының иегері. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау – бүгінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескермейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бәрі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетінің батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес.

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9-мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Бұл тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғыста Жеңісті жақындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

Тірі жанға болмай жаттығым,- деп ақын Әбділдә Тәжібаев жырлағандай, парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. «Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді. Қазақ деген – батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін, Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін. Түр білек, түс еңбекке ту астында Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін, - деп халық ақыны Нұрпейіс Байғанин елді майдан үшін еңбек етуге үндегендей, тылдағы жұмысшылар Республикамыздың ауыр өнеркәсіп саласында да адам айтқысыз жетістіктерге қол жеткізді.

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген Қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған. Алайда, осы сұрапыл қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен Қазақ қыздары жөніндегі деректер өте аз, олардың көбісінің есімдері де белгісіз. Мұны майдангер Қазақ қыздары кешіре қоймас!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

-деп жырлағандай, ата-бабаларымыздың Отан үшін күрескен еңбегімен келген Жеңісті біз болашақ жастары бағалауымыз қажет. Ұлы Отан соғысының ардагерлері біздің есімізде мәңгі қалмақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сейілханова Назерке

10 сынып, Шахта орта мектебі Таушық селосы
Түпқараған ауданы Мағыстау облысы

Атам айтқан әңгіме...

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасындар...
Махмутбай Әміреұлы

Соғыс... Зұлмат жылдар... Фашист... Ұлы Отан соғысы... Бірақ еске алуға қорқынышты сол бір кезең 1941-1945 жылдарды тарихтан алып тастау мүмкін емес, әрине. Жанын шүберекке түйіп, елін, жерін тілін, ділін – Отанын аман алып қалған батыр бабаларымыздың, ер мінезді аналарымыздың, намысты апаларымыздың қадір – қасиетін бүгінгі ұрпақ біліп, ұмытпай, олардың жайында ізденіп жаза беру керек деп ойлаймын. Ұлы Жеңістің туын желбірету оңайға соқпағанын кейінгі ұрпақ сезініп, бүгінгі тәуелсіздіктің арғы тарихы осы жеңіспен ұштасып жатқандығын да білген жөн. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тылда еңбек еткендерге арнайы құрмет, ілтипат көрсету – баршамыздың парызымыз.

Менің атам – Әбілханов Сейілхан Ұлы Отан соғысының ардагері. Мен атам айтқан әңгімемен бөліссем деймін.

Сейілхан атам 1945 жылы туылған. 1937 жылы әкесін қолқанат болып алған еңбек жолын «Долгий» балықшы колхозында балықшы болып бастайды. 1942 жылдың 6 ақпанында Шебір ауылында майданға шақырту алып,

12-ақпанда Шевченко аудандық әскери комиссариатынан соғысқа аттанады. Сол жерден пойызға отырып, Ашхабад арқылы Орынбор қаласына барады.

162-дивизияның атты әскери полкінің құрамына қатардағы жауынгер болып қабылданған. С.Әбілханов Сталинград үшін болған шайқасқа қатысады. Солдаттар осында екі-үш айға жуық траншея қазады. «Одан кейін қалмақ даласындағы ұрыстарға түстім. Кезекті ұрыстардың бірінде актөбелік Қараев деген жігіттің жіліншегінен оқ тиіп, санитарлық бөлімге арқалап жеткіздім. Көз алдымда талай қыршын жастар ажал сепкен оққа ұшырап, бірінен соң бірі мерт болып жатты» деп еске алады атам.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші, құдай сақтап, ол еш жеріне оқ тимей, дін-аман елге оралады. Бір атап айтарлығы, 1947 жылға дейін Москва түбегіндегі қираған әскери зауытты қалпына келтіру жұмыстарына атсалысады. Мен, менің інім Құмар, Мұхтархан, ағам Мағжан, апаларым Перизат, Меруерт барлығымыз сәл қолымыз босай қалса, атаммен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әңгіме құрғанды қатты ұнататын едік. Әсіресе, соғыс жылдарындағы бастан кешкен оқиғалары жайындағы атамның әңгімелері бір суытып, бір ысытып, бір қорқытып, бір үркітіп, бір қуантып әртүрлі тылсым сезімдерден бойыңа ерекше күш-қуат, ар-намыс, жігермен жұлқып алатындай. Осындай әңгімелердің ішінен маған қатты әсер еткені мына бір оқиғаны сіздер де білсе деймін.

«162-дивизияның атты әскер полкінің құрамына қатардағы жауынгер болып қабылданған кезім еді. Мен сонда «Жауынгер» деген қазақы сөздің өзі маған ерекше «халық батыры» дегенмен бірдей әсер ететін. Өзімді жауынгерге сай жауапкершілікте ұстадым. Қыс мезгілі... денем тоңазып, түнде қазған окопта ұйықтап кетіппін. Көзімді ашсам, біздің полктің жігіттері «кеттік жігіттер, окопты кешкісін жалғастырамыз, бүгінгі ауа райы жақсы екен, кешегі фашистің қай бағыттан келетінін байқайық» деп тоғайдың оң жағына бағыт алдық. Күн тымық еді. Арамыздағы Сисен деген жігіт: «Тыныш, жігіттер! Бұндай тымық күн қауіпті. Жауға ыңғайлы күн. Пленге түсіп қалмайық!» деген. Сол – ақ, екен күтпеген жерден тарс-тұрс, таңқ – тұңқ. Сұрапыл соғыс өзінің ырқына көндірмей қоймайды. Сисен екеуіміз өзіміздің траншеямызға қарай бағыттадық бізге қарай жау оғын жаудыртып тоқтар емес. Қанша шапшаңдық танытсақ та, біз қоршауда қалдық. Соңы пленге түсумен аяқталды. Сисен екеуіміздің өр, тік мінезіміз фашистерге ұнады білем, екеуімізді қара жұмысқа арба жегіп айдауға салды. Күшімізді пайдаланғысы келді ме, әйтеуір фашистер бізге тамақты мезгілімен беріп баптады. Бұл әдіс не екенін де білмедім. Шамасы екеуіміздің күш-қуатымызға, жылқы шаруашылығына епті екенін де байқаған болар, «Арба жеккеп аттарына таға кигізіп алыңдар» дейтін. Мен қулық жасап аттарды тағаламаймын. Себебі, арба жеккен аттары мұзға тайып, жарақаттанып, күші әлсіресе біздің жігіттерге уақыт үнемдеу жағынан болсын бір көмегі болар деп те ойлап қойдық. Осылай іштей дұшпандардың қалай байланысқа шығатынын, қандай әдіспен дайындалатынын байқап бақтық. Қашуды да ойлап, жоспар құрдық. Біздің жоспар бойынша Сисен қашып Карпат тауының оң жақ баурайына жеткен соң тыңшылық етіп, ыңғайлы болса, отты жағып – сөндіріп, түнгі екіде белгі бермекші. Біз сол оңтайлы сәтті күтіп, аса қырағылықпен түнде пленге түскендер қашып шықтық.

Осылайша фашистерден құтылып, дивизиямызға траншея қазуға кірістік» - деп менің атам қиын қыстау қанды майданның алғы шебіндегі қиянкескі шайқастарын еске алып қояды.

Мен атам сияқты Ұлы Отан соғысы ардагерлерін мақтан етемін. Олардың ерен еңбегін ұрпақтары жырлап, батырлықтарын ұмытпай айтып жүрсе деймін. Болашақта әлі де есімдері ескерілмей қалған жауынгерлер туралы зерттеулер жасалып, жаңалықтар ашылса. Ардагерлер айтқан майдан шебіндегі ерліктері том-том кітап болып, бүгінгі жастарды, болашақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұландарды отансүйгіштікке, батырлыққа, жігіттік ар – намыстылыққа, ұлттық ұяттылыққа тәрбиелейді.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш бейбітшілікте тәуелсіздік туын желбірете берейік!

Семендерова Гүлшат

7 сынып, Сам орта мектебі

Бейнеу ауданы Маңғыстау облысы

Жетекшісі: Бұйрабасова С.

Жеңістің 70 жылдығы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. 70 жыл толса да, сұрапыл соғыстың жаңғырығы майдангерлердің әлі есінен кетер емес. Елі үшін жаға беріспей, ерліктің үлгісі бола білген батырларымыздың өнегесі өз алдына, қиыншылыққа мойынсұнбай, талмай еңбек еткен жандардың үлесі тым бөлек. Ел тарихында Ұлы Отан соғысы деген атаумен қанды кезеңде бір миллион екі жүз мыңнан аса қазақстандық жау оғына қарсы тұрған. Сол миллионның қай-қайсысы да – өз алдына шежіре, өз алдына қайталанбас ерлік тарихы. Өйткені, олардың әрқайсысы ел шетіне тұтқиылдан тиген жауды тысқырата жеңуге үлес қосты. Бұл – адамзат тарихындағы ең қатігез, ең сұрапыл кездің көріністері. Балалар жетімдіктің, нәзік жандылар жесірліктің, қариялар жалғыздықтың күйін кешкен кез.

Қазақ ел басына күн туғанда жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың ең соңғысын арада елу жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды.

Сол кезде ерлік көрсеткен боздақтар бүгінде немере, шөбере сүйіп отырған ата-әже. Олар өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі, өнеге болары сөзсіз.

Бүгінде арқамызды кеңге жайып, көгілдір аспанның астында жаймашуақ өмір сүруіміз 70 жыл бұрынғы қаншама адамның ұйқысыз өткен түнімен, Отан үшін арпалысқан жанымен, су боп жерге аққан қаншама адамның қанымен келген жеңістің арқасы. Қаншама батырларымыз қасқайып тұрып, болашақ ұрпақтың – біздің тыныштығымызды, жерімізді, елімізді, тәуелсіздігімізді қорғап қалу үшін айқасты.

Отан үшін жанын беруге де дайын болған Әлия, Мәншүк, Бауыржан сияқты батыр аға-апаларымыздың ерлігіне бей-жай қарау мүмкін емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осындай батырларымызға:
Отан үшін от кешкен,
Әлия, Мәншүк апалар.
Жауын атқан қақ төстен
Төлеген, Талғат аталар.
Жеңіс үшін туғандай,
Нұркен, Қасым, Бауыржан.
Рейхстагқа ту тіккен,
Қайсар аға Рақымжан!

Бүгінгі біздің мақсат – сол батырларымыздың аманатын көзіміздің карашығындай сақтау, ерлігін ұмытпау, әрқашан тамсана, мақтап, мадақтап жүру.

Тәженова Айгерім

11 сынып, №10 орта мектеп, Ақтау қаласы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Хасанова Н. Қ.

Ол күндердің өшпес даңқы!

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер, азайып барасыңдар...
Сырбай Мәуленов

Ол күндердің өшпес даңқы!

Соғыс!..

Естіген адамның жүрегін дір еткізер сұсты да суық сөз. Қазіргі біздер көрмегенмен, біздің ата-бабаларымыз көрген қанды қырғын, қасіретті зұлмат бұл!..

Осыдан 74 жыл бұрын, 1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4 шамасында фашистік Германия Кеңестер Одағына тұтқиылдан соғыс ашты. Бұл – енді-енді ғана ес жиып, белін бекітіп, еңсесін тіктеген одақтас республикалардың бас біріктіріп, халықтың тұрмысын түзеуге бет алған шағы еді.

«Бүлінді қала сарнап, дала сарнап, ...Құламай қалды біздің кара шаңырақ», - деп ақын Меңдекеш Сатыбалдиев жырлағандай, бұл соғыстың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

салмағы қарапайым халыққа өте ауыр тиді. Ел ішін аштық пен ауру-сырқау, жоқшылық жайлады. Халықта күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. «Мына соғыс қашан аяқталар екен?» дегеннен басқа артық ой да жоқ, асқақ арман да жоқ. Соған қарамастан, елде қалған жетім-жесір әйел, бала-шаға қолдарынан келген көмектерін аямай, күндіз-түні жан аямай еңбек етіп, майдангерлерге тамақ, жылы киім жіберуден тынбады. Соғыста атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. «Бәрі де – майдан үшін, бәрі де – Жеңіс үшін!» деген ұлы ұранның аясында бүкіл Кеңестер елінің халқы бір кісідей жұмыла еңбек етті.

Майданда жүргендердің күні де ауыр. Қазір бар адам – қазір жоқ. Қырғын соғыс, күндіз-түні атыс-шабыс, гүрсілдеген зеңбіректер мен жарылған снарядтардың үні, жаралылардың жан айқайы мен құлақ тұндырардай үрейлі дауыстар... Осындай ауыр жағдайда жүрген жауынгерлерге Жамбыл Жабаевтай ақын аталары рухын жігерлендіретін жырлар жолдады. «Ленинградтық өренім» деген даңқты өлеңі арқылы «XX ғасырдың Гомері» атанған қарт ақын жау блокадасында қалған отандастарын мойымауға, дұшпанға берілмеуге, жауға қарсы қасық қаны қалғанша соғысуға шақырды.

Қаншама жас қыршын кетті! Ерлікпен қаза тапқандары қаншама!

Бір ғана мысал. Кеңестер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Танысаң – Адаймын, танымасаң ...» деген естелігі маңғыстаулық жауынгер Жарастың батырлығын бейнелейді. Жарас бірде жаудың қоршауында жалғыз қалады. Олар – бесеу, бұл – жалғыз. Сонда батыр: «Танысаң – Адаймын, танымасаң – сен жауыздарға Құдаймын», - деп, автоматтан оқты жаудырып жібереді. Ақыры ерлікпен қаза табады.

Москва түбіндегі Дубосековада болған ұрыстағы 28 панфиловшылардың фашистермен шайқасы да жантүршігерлік. Жау сол кездегі Отанымыздың жүрегі – Москва түбіне тым таяу, жақын қалды. Ротаның саяси жетекшісі Василий Клочковтың «Россия кең-байтақ, бірақ шегінерге жол жоқ! Артымызда – Москва!» деген соңғы сөзі кейін бүкіл майданның ұранына айналды. «Москва үшін! Сталин үшін!» - деп ұрандатқан қаншама жауынгерлер Отан үшін жанын пида етті. Табиғаттың қатал қысының сақылдаған сары аязы мен аңқаны кептірген аңызға аптабына да қарамай, неміс басқыншыларымен аянбай шайқасып, қаншама бейбіт адам қынадай қырылды! Аты өшкір сұм соғыс талай жазықсыз адамдардың өмірлерін жалмады.

Ажал шашқан жау дзотының аузын өз денесімен жауып өлген Сұлтан Баймағанбетов пен Александр Матросовтардың ерлігін кейін талай жастар – 300-ден астам жауынгер қайталап қаза тапты.

Отанын қорғауға ер-азаматтармен бірге Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сияқты қаһарман апаларымыз да қолдарына қару алып, соғысқа қатысты. «Шығыстың қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүк

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

апаларымыз майданда ерлікпен қаза тапты. Олар өзін мәңгі өшпес даңққа бөледі – бүкіл Орта Азия елдері қыздарының арасында тұңғыш болып Кеңестер Одағының Батыры атағын алды. Бүгінде олардың есімдері – мәңгілік ұрпаққа ұран, ұлтқа үлгі.

Тірісінде лайықты бағаланып, батыр атағын алмаса да, халқымыз «қаһарман» деп таныған батыр амамыз Бауыржан Момышұлы, партизан жазушы Қасым Қайсенов, Рейхстагқа тұңғыш болып ту тіккен Рахымжан Қошқарбаевтар еліміздің даңқын асырып, дабысын жер-жаһанға жайды.

Сондықтан да бұл соғыстағы аталарымыз бен әкелеріміз алып берген Ұлы Жеңістің құны өлшеусіз. Осыдан 70 жыл бұрынғы Жеңіс бізге сонысымен қымбат. Бес жыл бойы белшеден қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық сыйлап, бейбіт өмір әкелгені үшін қасиетті.

Халық арманда кеткен асылдарының есімдерін ешуақытта ұмытпайды. «Ешкім де ешқашанда ұмытылмайды» деген нақыл сөзді тақталарға жазып, ел үшін шейіт болған ерлердің есімдерін мәңгілікке жадында сақтайды. Олардың аттарын ән мен жырға қосып, мадақтайды. Ерліктерін еске салып, жас ұрпақты елін, жерін қорғауға тәрбиелейді.

Әрине, Жеңіс бізге өзінен-өзі келген жоқ. Оны бізге елі мен жері үшін отқа да, суға да түскен ерен ерлер алып берді. Сондықтан да біз жыл сайын 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнін тойлаймыз. Биыл – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл. Бұл – халқымыздың қайсарлығы мен қаһармандығын паш ететін тарихи күн. Бұл күнді сол соғысқа қатысқан және сол бір зұлмат күндердің зардабын тартқан ардагер ата-әжелерімізбен бірге осынау ұлы ерліктің қадірін ұғына білетін, батыр бабаларымызды бағалай білетін кейінгі жас ұрпақ – біздер де тойлаймыз. Ұлы Жеңіс күні қан майданнан қайтпай қалған боздақтарды еске түсіріп, рухтарына бас иеміз.

«Сарғайса да тарихтың ақ парағы,

Ол күндер мәңгі есте сақталады», - деп ақын айтқандай, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнінің қадірі мен қасиеті ешқашан төмендемек емес. Бізге осындай бейбіт өмір сыйлаған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне мың тағзым!

Төлегенова Аружан

9 сынып, Күйкен орта мектебі
Бейнеу ауданы Маңғыстау облысы

Қаһарлы жылдар тарихта

Адамзат тарихында өткен ғасырдың қасіретті жылдары екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі болып есептелетін Ұлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан соғысы өшпес оқиға болып «Барлығы да Жеңіс үшін, барлығы да майдан үшін!» деп газеттер мен радио тілшілері жеңіске жетеледі.

Соғыс туралы хабар қазақ даласына жылдам тарады. Ал Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан азаматтары мен азаматшалары Отан алдындағы парыздарын өтеу үшін қан майданға аттанды.

Қазақстан халқы отан қорғаушылар қатарына өзі еркімен жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымызды майданға жіберетін ешкім жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берді. Елімізде 2 млн-нан астам адам әскери даярлықтан өтті. Майдандағы Қызыл Армия қатарына 120000-ға жуық қазақстандық аттанды.

Еліміздің ауыл еңбеккерлері жауды жеңу үшін аттанған аға-әпкелеріміз үшін әртүрлі өндіріс, шикізат өнімдерін жасап шығарды. Сол кездегі еңбекшілердің бәрі де: «Жеңіс үшін! Бәрі де майдан үшін!» деген болатын.

1942 жылы Сталинград түбінде қиян-кескі шайқас басталды. Халқымыздың бірлігінің арқасында 1945 жылы 2-мамырда Қызыл Армия Берлинді толық басып алды.

Аллаға шүкір, соғыс аяқталып, майданға аттанғандар еліне оралды. Бірақ, оралмағаны қанаша? Соғыстың бізге жеткізген зардаптары қаншама? Осы аты өшкір сұм соғыстың салдарынан балалар әкелерінен, апа-жеңгелеріміз жарынан, ата-әжелеріміз бауыр еті баласынан айырылды. Қабырғалары қайысып, жүректері қан жылады.

Ұлы Отан соғысы...Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Мен Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлына ризамын. Қазақ елінің тыныштығын тілеп тәуелсіздігін алып берді. Қазақ деген елдің атын танытты. Майданда елі үшін жан берген адамдардың тілегі бір еді.

Елін, жерін қорғап қанын төккен аға-апаларымызға мың алғыс! Жеңістің 70 жылдығына орай барша халқымды құттықтаймын. Осы күнге жеткізген Соғыс Ардагерлеріне рахмет. Жеңіс күні жыл сайын тойлансын. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Түгел Оразгүл

8 сынып, Қызылтөбе лицейі
Мұңайлы ауданы Маңғыстау облысы

Ер есімі – ел есінде

Отан өз батырларымен бай. Ұлы Отан соғысына мыңдаған ер азаматтарымыз қатысты. Көбісі майданда қаза тапты. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізеді. Ер азаматтарымыз соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқасып, ерліктің сан үлгісін көрсетті. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Солардың жанымен, қанымен, көз жасымен, күшімен, ерлігімен келген жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні біз үшін аса қымбат. Жауынгерлеріміз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге тең келмейтін ғажап күшпен жетті. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға тоғыстырды.

Ұлы Жеңіс күні – одақтас болған он бес мемлекеттің ортақ мерейтойы. Сол топта біздің қазақ жауынгерлері де бар.

Қазақ халқы – ел басына күн туғанда жанын берген жауынгер халық. Ұлы Отан соғысы туралы деректерге сүйенсек, қазақ ерлерінің әрқашан алғы шепте болып, қан майданның қақ ортасында қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал, шайқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған, бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алуының өзі-ақ жеткілікті. Бұл, әрине, тек еленгені ғана. Басқаны кемсітер ойымыз жоқ, бірақ бір Бауыржан Момышұлын айтсақ та жетеді. Ол – Ұлы Отан соғысында Москва түбіндегі шайқаста ерен ерлігімен көзге түскен әскери қолбасшы. Бауыржан Момышұлының есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ер-азаматтар – отбасының тірегі, елінің қорғаны. Осы ерлердің арқасында еліміз тыныш, бейбіт өмір сүріп жатыр. Халқымыз: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Ер барда ел қор болмас»-деп, тегін айтпаса керек. Ұлы жеңіс құтты болсын!

Юсупов Еркін

6 сынып, А.М. Горький атындағы мектеп-лицейі
Форт-Шевченко қаласы Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы
Жетекшісі: Шопанова А. И.

Тарихта қалаған Ұлы күн

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі қазақхалқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта қалатын күн. Осы күнді соғыста ерлік көрсеткен ардагерлер тойлайды. Қазіргі кезде уақыт өткен сайын осы ардагерлеріміз дүниеден өтіп жатыр. Яғни азайып барады. Ұлы Отан соғысының еске түсіретін оның таңбасы – 9 мамыр Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болғанымен, туғаны бір қазақ халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке.

Халқымыздың ең ауыр және қайғылы кезеңі, ол-Ұлы Отан соғысы. 1941-1945 жылдары еліміздің барлық ер азаматтары соғысқа аттанды. Тек жарамсыздары ғана елде, туған жерде қалды. 4 жыл дегенде сұрапыл соғыс бітіп, батыр бабаларымыз қайта оралды. Бірақ, түгел емес... Оралғандардың кейбіреулері мүгедек немесе сал болып оралды. Қанды да қайғылы, сұрапыл соғыс біткеннен кейін, жеріміз жайнап, ажарлана түсті. Бүгінде осы Ұла Отан соғысына 70 жыл толып отыр. Отаны, елі, туған жері үшін кеудесін оққа тосқан Әлия мен Мәншүк секілді апаларымыз, Бауыржандай ағамызды әлем қаһарманы деп атасақ та артық болмас еді.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – «бірлік». Осы бір күштің арқасында ата-бабаларымыз бізге кең байтақ жер қалдырды. Бізге осы қазақ даласын қорғап, еліміздің көркеюіне үлес қосуымыз керек. Ата-бабаларымыз ойлаған арманына елімізді жеткізуіміз қажет. Қазақстанның көркейіп, жайнауына үлек қосып, салт-санамыз бен әдет-ғұрпымызды сақтап, еліміздің абыройлы патриоты болайық!